

Аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 255 "2019-2021 жылдарға арналған Қарабұтақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 маусымдағы № 295 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 маусымда № 6236 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 109-1 бабының 4 тармағына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 255 "2019-2021 жылдарға арналған Қарабұтақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-176 тіркелген, 2019 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "58 988,8" сандары "64 864,8" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі - "53 946,8" сандары "59 822,8" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - "60 685,2" сандары "66 561,2" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімінің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Әйтеке би аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылға арналған Қарабұтақ ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		2019 жылға нақтыланған бюджет, мың теңге
			I. КІРІСТЕР		64864,8
1			Салықтық түсімдер		4931,0
	01		Табыс салығы		1675,0
		2	Жеке табыс салығы		1675,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		3256,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		80,0
		3	Жер салығы		414,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		2762,0
2			Салықтық емес түсімдер		111,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		111,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		111,0
4			Трансферттердің түсімдері		59822,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		59822,8
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		59822,8
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2019 жылға нақтыланған бюджет, мың теңге
				II. ШЫҒЫНДАР	66561,2
01				Жалпы сиппатағы мемлекеттік қызметтер	20715,2
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20715,2

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20715,2
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20715,2
04				Білім беру	41892,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	41892,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	41892,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	41142,0
			005	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	750,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1236,0
	2			Әлеуметтік көмек	1236,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1236,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1236,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2718,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	2718,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2718,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1718,0
			011	Елді мекендерде абаттандыру мен көгалдандыру	1000,0

			III. Таза бюджеттік кредит беру	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операция бойынша сальдо	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профицит)	-1696,4
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1696,4
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	2019 жылға нақтыланған бюджет, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1696,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1696,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1696,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК